

О. Жұмабеков атындағы ЖОББМ базасындағы Тірек мектебі (РО)


Д. Ізтілеуов атындағы тарихи-өлкетану мұражай жұмысының Есебі

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап, басқа да ғылым салалары сияқты мұражайтану ғылымы да түбегейлі өзгерістерге енуде. Тарихи дәуірлердегі және қазіргі кезеңдегі мұражайтану ғылымын зерттеу, мұражай туралы танымдарды қалыптастыру бұл динамикалық көп мәнді әлеуметтік мәдениет институты ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады.

Адам баласының мемлекет пен ұлт алдындағы қызметі ең алдымен туған жерге деген құрметінен басталатынын Елбасы былайша жеткізді: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

Мұражай қызметінің бағыттары:



Ғылыми-зерттеу жұмыстары
құжат және мәліметтер,
заттық деректер жинау,
оларды ғылыми түрде жүйелеу,
халық арасында сақталып қалған
жәдігерлерді жинастыру,
оларды есепке алу, арнайы
тақырыптық іс- шаралар
жүргізу негізінде жұмыс жасайды.

Мұражайды рухани, мәдени
орталыққа айналдыра отырып,
оқушылардың патриоттық рухын
ояту, тарихи жәдігерлерді сақтау,
құрметтеуін қалыптастыру бағы-
тында қызмет етеді

Жаңаарқа ауданындағы О. Жұмабеков атындағы ЖББОМ орналасқан мектепшілік мұражайдың ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты:

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясындағы жалпыұлттық құндылықтарын оқушы бойына дарыту;
- мұражай қорымен танысу, толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру,
- оқушылардың қоғамдық белсенділігін, танымдық қызығушылығын артыру;
- қала мұражайларымен әлеуметтік серіктестік, сонымен қатар оқытушының берген жеке тапсырмаларын орындап үйренуге баулу;
- мұражай ісі бойынша кәсіптік білім беруге тәрбиелеу;
- ұстаздар, ата-аналар, оқушылар бірлесіп мұражай қорын толықтыруға жұмыстар ұйымдастыру;
- отбасы, мектеп, шағын аудан, қала, өлке тарихына қатысты материалдарды жинақтау, жүйелеу, кіріктіру.

Мұражай кеңесінің қызметі:

- Мұражай кеңесі мұражайдың тақырыптық жоспарын бекітіп, негізгі бағыттарын айқындайды.
- Экспозициялардың тақырыбын, құрылымын белгілейді.
- Мұражай кеңесінің төрағасы мектеп директоры болып табылады.
- Мұражай кеңесінің мүшелері мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі, толықтырылады.
- Мұражай жұмысының қорытынды есебі Мұражай кеңесі отырысында бекітіледі.

Мұражай қызметкерінің міндеттері:

Тақырыптық жоспар жасау, заттық айғақтық дүниелер жинау, жәдігерлердің аталуын ғылыми түрде анықтап жазу, мұражай құжатын жүйелі жүргізу, тарихи-мәдени орындарға саяхаттар, экспедициялар ұйымдастыру және оны құжат түрінде жинақтап отыру.

Мұражай – халықтың рухани қазынасының қайнар көзі болса, осы мұражай ісін қолға алуда Далбай Ізтілеуовтың зерттеушілік еңбегін мақтанышпен атауға болады. Далбай Ізтілеуов - өлкетанушы, «КСРО ағарту ісінің және «Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі», Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, жазушы-қаламгер. Бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен туған жеріне қызмет жасауға арнаған ардақты ұстаз. Халқымызда «Ердің артында мол байлық қалғанша, жақсы аты қалғаны игі» деген аталы сөз бар. Жаңаарқа аудандық өлкетану мұражайы және О. Жұмабеков атындағы тірек мектебінде орналасқан мектеп мұражайы өлкетанушы ұстаздан қалған асыл мұра, рухани қазына екені анық.

Тарихи өлкетану мұражайын Д. Ізтілеуов 1971 жылы ашып, материалдар жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Жаңаарқа өлкесінің еліне, жеріне, халқына еңбегі сіңген тұлғаларды зерттеп, материалдарын аудан мұражайна өткізген. 1984 жылы аудан орталығындағы өлкетану мұражайының ашылу салтанатының лентасын қиған. Облыстық оқу-әдістемелік орталығының тікелей қолдауымен 2017 жылы 22 желтоқсанда «Рухани –Жаңғыру тарих және тұлға тағылымы» атты тарихшы, өлкетанушы майдангер - ұстаз Далбай Ізтілеуұлының мұраларына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл конференция оқу - тәрбие үдерісінде пайдалану тәрбиелік мәнін оқушылардың бойына Отанына, еліне, туған жерге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыруды насихаттайды.

Осы өлкетану мұражайы ұрпақтарының демеушілігімен күрделі жөндеуден өтіп, қайта жаңғырып ашылды. Мұражайдың ашылуы сәті БАҚ құралдарында кеңінен жарияланды. Оқушылардың мектепішілік тарихи-өлкетану мұражайына қызығушылығын, мұражай қызметі арқылы әлеуметтік белсенділігін арттыру, үйірме мүшелерін өлкетану іздестіру-зерттеу жұмыстары негізінде азаматтық патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында ашылған мұражай өз қызметін жалғастыруда.

Атқарылған жұмыстар:

1) Тарихшы мұғалімдер мен оқушылардан (9-11 сынып) кеңесі құрылды. Төмендегі бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізілуін алға қойды:

- Тарихтағы тұлғалар тағылымы
- Арқаның киелі жерлері
- Тарихи өлкетану және туған жерге тағзым

2) Аудан және облыс мектептерінің мұғалімдеріне аталған бағыттар бойынша Жаңаарқа елінің, жерінің, оның ішінде толық зерттелмеген, еңбегі сіңген ұстаздар мен спортшылар, еңбек қайраткерлері, елдімекендер туралы ғылыми жұмыстарын зерттеу тапсырылды. Осыған байланысты мақалалар жазылып, оқушылармен бірлесе ғылыми жұмыстар қорғалды.

3) Осы қорғалған ғылыми жұмыстар “Рухани жаңғыру: тарих және тұлға тағылымы” атты жинаққа енді.

Мұражай 9 бөлімнен тұрады:

1. Мектеп тарихы
2. Жаңаарқа елім менің
3. Ұлы есімдер
4. Алғашқы ұстаздар
5. Отан үшін от кешкендер
6. Ғалымдар
7. Еңбек ардагерлері
8. Еліміздің мақтаныштары
9. Д. Ізтілеуовке арналған бұрыш



**Мәжіліс депутаты Айгүл Майра
Арапқызымен кездесу**



**Белгілі жазушы, аудармашы Марал Хасен
ағамыздың жұбайы Рымбала апаймен кездесу**



**Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, жоғары категориялы
диктор, «Құрмет» орденінің иегері, доцент Сауық Жақан
апаймен кездесу**



2025 жылдың 8 мамыр айында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және майдангер ұстаз, тарихшы-өлкетанушы, Оқу-ағарту ісінің үздігі, Жаңаарқаның құрметті азаматы Далбай Ізтілеуовтің мұраларына арналған аймақтық ғылыми-практикалық конференция жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Конференцияның ашылу салтанаты ардагер ұстаз 60 жыл бойы қызмет еткен Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебінде өтті. Бұл мектеп – Д. Ізтілеуовтің саналы ғұмырын сарп еткен, талай шәкіртке жол сілтеген қасиетті қара шаңырақ.

Іс-шара одан әрі сол мектеп қабырғасындағы, Д. Ізтілеуов негізін қалаған тарихи-өлкетану мұражайында жалғасты. Мұражай жұмысы мен онда жинақталған құнды жәдігерлерді ардагердің ғылыми-мәдени мұрасын жалғастырып жүрген ұрпағы – Назым Далбайқызы таныстырды. Ол музей қорындағы сирек құжаттар мен фотосуреттер, Д. Ізтілеуовтің еңбектері мен өлкетану бағытындағы ізденістері жайлы мазмұнды ақпарат берді.

Конференцияның пленарлық отырысын белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, Жазушылар одағының мүшесі Қойлыбай Асанов жүргізді. Конференцияға жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, мұғалімдер мен мектеп оқушылары, сондай-ақ Д. Ізтілеуовтің замандастары мен туыстары қатысты.

Алғашқы құттықтау сөз аудан әкімі Қанат Шубайұлына беріліп, ол өз сөзінде ардагер ұстаздың елге сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, облыстық әдістемелік қолдау орталығының өкілі Сымбат Алтынбайқызы мен “Дарын” өңірлік ғылыми-практикалық орталығының басшысы Руслан Төлен де баяндама жасап, конференцияның тәрбиелік және ғылыми маңызын жоғары бағалады. Отырыста тарих, педагогика және өлкетану салалары бойынша мазмұнды баяндамалар тыңдалып, Д. Ізтілеуовтің ел тарихындағы рөлі мен мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызы жан-жақты талқыланды. Осыдан кейін конференция жұмысы секциялық бағыттар бойынша жалғасты. Әр секцияда мектеп оқушылары мен ұстаздар өз жобаларын қорғап, ғылыми-шығармашылық ізденістерін ортаға салды. Жобалар тарихи дерекке сүйенген тың идеяларымен, өлкетану мен патриоттық тәрбиені ұштастырған мазмұнымен ерекшеленді. Сонымен қатар үздік баяндамалар мен жобалық жұмыстар Диплом мен Алғыс хаттармен марапатталды.

Конференция – өткенді ұлықтап, болашаққа бағдар беретін тағылымды шара ретінде қатысушылардың жоғары бағасына ие болды.